Әділет

# Дүниежүзілік Банктің "Doing Business" рейтингісі индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың 2012 жылға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 17 мамырдағы 100-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингісі индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың 2012 жылға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша):

1) Кешенді жоспарды іске асыру жөнінде шаралар қабылдансын;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін, Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 17 мамырдағы № 100-ө өкімімен бекітілген

## Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингісі индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың 2012 жылға арналған кешенді жоспары

| Р/с № | Шара | Ұсынылатын іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| **1. «Кәсіпорындар ашу» индикаторы** | | | | | |
| 1. | Заңды тұлғаларды, филиалдарды және өкілдіктерді тіркеу рәсімін оңайлату бойынша қабылданатын | | ЭДСМ-ге ақпарат | Әділетмині, Қаржымині, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шаралар туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және түсіндіру іс-шараларын жүргізу | БАҚ-тағы сұхбат және мақалалар, дөңгелек үстелдер, семинарлар | | және Дүниежүзілік банктің сарапшылары ( келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |
| 2. | Осы индикаторды жақсарту жөніндегі реформалар жүргізуде озық тәжірибесі бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделеу | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен консультациялар | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары ( келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |
| **2. «Меншікті тіркеу» индикаторы** | | | | | |
| 3. | Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін оңайлату бойынша әділет органдары қабылдайтын шаралар туралы түсіндіру іс-шараларын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және өңірлерде өткізу | БАҚ-тағы сұхбат және мақалалар, дөңгелек үстелдер, семинарлар | ЭДСМ-ге ақпарат | Әділетмині және аумақтық әділет органдары, « Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары ( келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |
| 4. | Осы индикаторды жақсарту бойынша реформалар жүргізуде озық тәжірибесі бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделеу | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен консультациялар | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары ( келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |
| **3. «Кредиттер алу» индикаторы** | | | | | |
| 5. | Банкроттық рәсімдерінде кепілді кредиторлардың басымдылығын бекіту бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру | «Банкроттық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу | Заң жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу | Қаржымині, ЭДСМ, ИЖТМ, Еңбекмині, ҰБ ( келісім бойынша), ЖС (келісім бойынша), « Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары ( келісім бойынша) | 2012 жылғы қыркүйек |
| | Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамыту | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне исламдық қаржыландыру және сақтандыру мәселелері | Заң жобасының тұжырымдамасын | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, « Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6. | бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру | бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ведомствоаралық комиссияға енгізу | бойынша), USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | 2012 жылғы тамыз |
| 7. | Компанияның біріктірілген активтеріне кепіл құқығын бергенде активтер мен борыштардың жалпы сипатын пайдалану, барлық қазіргі және келешектегі міндеттемелер бойынша кепіл құқығының барынша жоғары сомасын белгілеу, сондай-ақ өнімдерге, бастапқы активтердің түсуіне және ауыстырылуына кепіл құқығын автоматты түрде ұзарту мәселелері бөлігінде заңды құқықтар күшінің индексі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамаларының ережелерін түсіндіру | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен бейнеконференция өткізу | ЭДСМ-ге ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), Әділетмині, Қаржымині, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |
| 8. | Жаңа кредиттік ақпарат жеткізушілерді – микроқаржы ұйымдарды енгізу жайында Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне микроқаржы ұйымдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шеңберінде «Микроқаржы ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | 2012 жылғы 4-тоқсаны |
| 9. | Осы индикаторды жақсарту бойынша реформалар жүргізуде озық тәжірибесі бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделеу | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен консультациялар | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |
| **4. «Құрылысқа рұқсат алу» индикаторы** | | | | | |
| | Елді мекендердің бас жоспарларымен, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10. | егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларымен және құрылыс салу жобаларымен қамтамасыз етілуіне қарай топографиялық түсіруді жүргізуге қойылатын талаптарды бөлуге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру | Қазақстан Республикасының қалалар мен басқа елді мекендердің аумақтық құрылыс салу қағидаларын әзірлеу тәртібіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының қалалар мен басқа елді мекендердің аумақтық құрылыс салу қағидаларын әзірлеу тәртібін бекіту | ҚТКШІА, ЖРА, облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | 2012 жылғы 2 -тоқсаны |
| 11. | Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын салалық мемлекеттік органдармен ( экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық , энергетикалық және т.б.) міндетті келісу талабын алып тастау | Салалық заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу | ЭДСМ-ге ақпарат | ЭДСМ, ҚТКШІА, ИЖТМ, Қоршағанортамині, ДСМ, ТЖМ | 2012 жылғы 4 -тоқсаны |
| 12. | Жоба әзірленгеннен және мемлекеттік сараптама жүргізілгеннен кейін оны сәулет және қала құрылысы органдарының бекітуі және Сараптамалық жұмыстар нарығының субъектілері жүзеге асыратын жобаларға сараптама жүргізудің нақты мерзімдерін белгілеу мәселелері бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру | Қазақстан Республикасының қалалар мен басқа елді мекендердің аумақтық құрылыс салу қағидаларын әзірлеу тәртібіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының қалалар мен басқа елді мекендердің аумақтық құрылыс салу қағидаларын әзірлеу тәртібін бекіту | ҚТҮКШІА, Астана облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, « Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2012 жылғы 2 -тоқсаны |
| 13. | Қазақстан Республикасының қалалар мен басқа елді мекендердің аумақтық құрылыс салу қағидаларын әзірлеу тәртібінің негізінде аумақтық Қағидаларды әзірлеу және бекіту | Аумақтық құрылыс салу қағидасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | ЭДСМ-ге ақпарат | ҚТКШІА, облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | 2012 жылғы 4 -тоқсаны |
| 14. | Объектілерді комиссия арқылы қабылдау (жұмыс, қабылдау, мемлекеттік қабылдаушы комиссиялары) рәсімін алып тастау | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін реттейтін заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Заң жобасының тұжырымдамасын ведомствоаралық комиссияға енгізу | ҚТКШІА, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | 2012 жылғы 4 -тоқсаны |
| | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін реттейтін заңнамаға | | ҚТКШІА, облыстар мен Астана және | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 15. | субъектілерінің өзара қатынастарын жетілдіру мәселесін қарау | өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу | ЭДСМ-ге ақпарат | Алматы қалаларының әкімдіктері | 2012 жылғы 3-тоқсаны |
| **5. «Жұмысшылар құқықтарын қорғау» индикаторы** | | | | | |
| 16. | Индикаторды есептеу әдіснамасымен таныстыру, бастапқы ақпаратты жинау | Дүниежүзілік банк сарапшыларымен консультациялар | Жұмыстың бастауға және есептеу әдістемесімен танысу қажеттілігіне байланысты Дүниежүзілік банк сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Еңбекмині, Қаржымині, ЭДСМ, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), ҚКФ, USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |
| **6. «Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу» индикаторы** | | | | | |
| 17. | Қарау және техникалық шарттардың берілу мерзімдерін төмендету, сонымен бірге сұралатын құжаттарды, техникалық шарттардың берілу жағдайларының тізбесін қысқарту мәселесіне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу | Электр энергиясын пайдалану қағидасы мен Электр торaптық қағиданы бекіту | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары | ИЖТМ, ҚТКШІА, ТМРА, ЭДСМ, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңынан туындайтын тиісті қаулыларды қабылдау |
| **7. «Төлем қабілетсіздігін шешу» индикаторы** | | | | | |
| 18. | Банкроттық жүйені реформалау жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Банкроттық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу | Заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентіне енгізу | Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар, Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | 2012 жылғы қыркүйек |
| 19. | Орындалмаған міндеттемелері жоқ және мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәуекелдің шамалы және орта дәрежесі бар субъектілер санатына жатқызған шағын кәсіпкерлік | Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасын ВАК-қа енгізу | Тұжырымдама | Қаржымині, Әділетмині, Қазақстан салық төлеушілері қауымдастығы (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банктің | 2012 жыл бойы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | субъектілері үшін қайта ұйымдастырудың және ерікті таратудың оңайлатылған тәртібін белгілеу бөлігінде салық заңнамасын жетілдіру | | | сарапшылары (келісім бойынша), «Нұр-Отан» партиясының парламенттік фракциясы (келісім бойынша) | |
| 20. | Осы индикаторды жақсарту бойынша реформалар жүргізуде озық тәжірибесі бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделеу | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен консультациялар | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |
| **8. «Келісімшарттарды орындау» индикаторы** | | | | | |
| 21. | Атқарушылық өндіріс саласын, сот орындаушыларын борышкерлерге ықпал етуде әсерлі тетіктермен қамтамасыз етуді, сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік беретін нормаларды жоюды, заңды күшіне енген атқарушылық құжаттардың толық орындалуына қол жеткізуді реттеу бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушы өндірісті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | Заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентіне енгізу | Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар | 2012 жылдың қараша |
| 22. | Осы индикаторды жақсарту бойынша реформалар жүргізуде озық тәжірибесі бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделеу | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен консультациялар | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |
| **9. «Халықаралық сауда» индикаторы** | | | | | |
| 23. | Есепке қабылданатын құжаттардың санын бекіту бойынша Дүниежүзілік банк сарапшыларының консультациялары | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен консультациялар | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | 2012 жылғы бірінші жартыжылдық |
| 24. | Сыртқы сауда саласындағы экспорттық-импорттық операцияларда бірыңғай электрондық терезені енгізу | Сыртқы сауда саласындағы экспорттық-импорттық операцияларда «Б-терезе» ақпараттық жүйесін Қазақстан Республикасында іске | ЭДСМ-ге ақпарат | Қаржымині және мүдделі мемлекеттік органдар | Тоқсан сайын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау | | | |
| 25. | Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды қағазсыз кедендік мәлімдеуді жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету | Электронды мәлімдеме жүйесін пилоттық енгізу ( экспорт) | ЭДСМ-ге ақпарат | Қаржымині, ККМ | 2012 жылғы 4-тоқсаны |
| 26. | Бизнес-қоғамдастық пен мемлекеттік органдарды 17 кедендік рәсімнің кез келгеніне (әкелу, әкету, транзит және т.б. ) енгізу кезінде Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының тиісті тауарлық кіші субпозициясы бойынша әр тауарға қатысты тарифті және тарифті емес реттеу туралы ақпаратпен қамтамасыз ету | «Интеграциялық кедендік тариф» ақпараттық жүйесінің пилоттық енгізу | ЭДСМ-ге ақпарат | Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар | 2012 жылғы 4-тоқсаны |
| 27. | Бизнес-қоғамдастықтардың өкілдерімен өңірлерде заңнаманы түсіндіру бойынша, сондай-ақ халықаралық сауда саласында жүргізіліп отырған реформалар туралы түсіндіру іс-шараларын өткізу | БАҚ-тағы сұхбат және мақалалар, дөңгелек үстелдер, семинарлар | ЭДСМ-ге ақпарат | Халықаралық сауданы мемлекеттік реттеуге тартылған мемлекеттік органдар | Тоқсан сайын |
| 28. | Осы индикаторды жақсарту бойынша реформалар жүргізуде озық тәжірибесі бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделеу | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен консультациялар | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары ( келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |
| **10. «Салық салу» индикаторы** | | | | | |
| 29. | Осы индикаторды жақсарту бойынша реформалар жүргізуде озық тәжірибесі бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделеу, сонымен қатар исламдық қаржы операцияларын іске асыру барысында салық салу жөніндегі мәселелер бойынша | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен консультациялар | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары ( келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |
| **11. «Инвесторларды қорғау» индикаторы** | | | | | |
| | «Директорлардың жауапкершілік индексі» және « Акционерлердің сот | | | ҰБ (келісім бойынша), Әділетмині, Қаржымині, « | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 30. | үдерістерінде қатысуға қабілеттілік индексі» Дүниежүзілік Банк индекстерінің талаптарына Қазақстан Республикасының заңнамасы ережелерінің сәйкес келуі жөнінде түсіндіру | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен бейнеконференция өткізу | ЭДСМ-ге ақпарат | Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |
| 31. | Осы индикаторды жақсарту бойынша реформалар жүргізуде озық тәжірибесі бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделеу | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен консультациялар | Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | 2012 жыл бойы |

**Ескертпе. Аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ҚТКШІА – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істер агенттігі
ТМРА – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
ЖРА – Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
ЖС – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты
ВАК – ведомствоаралық комиссия
ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
Қоршағанортамині – Қазақстан Республикасы Қоршаған органы қорғау министрлігі
ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ТЖМ – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
«Атамекен» одағы» ҚҰЭП – «Атамекен» одағы» Қазақстанның ұлттық экономикалық палатасы
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
ҚКФ – Қазақстан кәсіпкерлерінің форумы
USAID - АҚШ Халықаралық даму агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК